


Jetesova Janar Almasovna'nın 8D02304 – Filoloji eğitim programı kapsamında doktora (PhD) derecesi almak için hazırladığı “Hayvanlara ilişkin leksikanın lingvokültürel ve bilişsel-karşılaştırmalı özellikleri (Kazak ve İngiliz masalları örneğinde)” başlıklı doktora tezi hakkında

GÖRÜŞ

Günümüzde dil bilimi araştırmaları, dili yalnızca yapısal bir sistem olarak değil, insanın kültürel, bilişsel ve sosyal faaliyetleriyle ilişkili bir olgu olarak ele alan yeni antropomerkezli yaklaşımlar yönünde gelişmektedir. Bu süreç, dil ile kültür, dil ile biliş, dil ile söylem arasındaki ilişkileri inceleyen bilişsel dilbilim, lingvokültüroloji, etnodilbilim ve söylem kuramı gibi yeni bilimsel yönelimlerin oluşmasına yol açmıştır. Bu paradigma çerçevesinde, ulusal dünya görüşü ve dilsel bilincin özelliklerini belirlemede halkın folklorik mirası özel bir önem taşımaktadır. Bu bağlamda masallar, insan ile toplum, doğa ile maneviyat arasındaki ilişkileri estetik imgeler aracılığıyla aktaran derin içerikli söylemsel bir alan olarak değerlendirilir. Masallar; halkın kültürel kodlarını, etik değerlerini, sembolik sistemini ve bilişsel modellerini barındıran eşsiz dilsel metinlerdir. Bu metinlerde hayvan imgeleri aracılığıyla sunulan hayvanlara ilişkin leksika (animalistik leksika), ulusal dünya görüşünün ve manevi-kültürel kimliğin ayrılmaz bir parçasıdır. Hayvanlara ilişkin bu leksika, halkın doğayla kurduğu ilişkiden doğmuş, tarihî, sosyal ve kültürel deneyimlerle sıkı sıkıya bağlı olan, dilin en eski katmanlarından biridir. Kazak ve İngiliz masallarında hayvan imgeleri yalnızca karakter unsuru olarak değil, aynı zamanda ulusal zihniyetin ve değerlerin bir yansıması olarak da işlev görmektedir. Bu imgelerin dilsel temsil biçimleri aracılığıyla halkın doğayı algılama biçimi, ahlaki-etik ölçütleri, sosyal davranış normları ve manevi değerleri belirginleşmektedir.

Günümüzde hayvanlara ilişkin leksikanın bilişsel ve lingvokültürel açıdan incelenmesi oldukça güncel bir konudur. Çünkü hayvanlara yüklenen sembolik anlamlar, değer yargıları ve kültürel kalıplar, dil kullanıcısının zihinsel dünyasını ve ulusal konsept küresini (conceptosphere) anlamaya olanak tanır. Bu bağlamda Kazak ve İngiliz halk masallarındaki hayvanlara ilişkin leksikayı karşılaştırmalı olarak ele almak, her iki halkın manevi dünyası ve dilsel bilinci açısından ortak ve farklı yönleri belirlemeye yardımcı olur.

Sunulan “Kazak ve İngiliz masallarındaki hayvanlara ilişkin leksikanın lingvokültürel ve bilişsel-karşılaştırmalı özellikleri” başlıklı doktora tezi, günümüzün antropomerkezli paradigması çerçevesinde hazırlanmış, bilimsel yenilik ve yüksek araştırma değeri taşıyan kapsamlı bir çalışmadır. Araştırmacı, Kazak ve İngiliz halk masallarında geçen hayvanlara ilişkin leksikayı, dil kullanıcısının



ulusal-kültürel bilişyle ilişkilendirerek bu leksikanın kültürel-sembolik, kavramsal ve bilişsel boyutlarını lingvokültüroloji, bilişsel dilbilim ve karşılaştırmalı dil bilimi açısından analiz etmiştir.

Çalışmanın yapısı mantıksal olarak sistematik şekilde oluşturulmuştur: giriş bölümünde çalışmanın önemi, amacı ve görevleri, araştırma nesnesi ve konusu ile teorik temelleri açıkça belirtilmiştir. Birinci bölümde hayvanlara ilişkin leksikanın araştırma tarihi, kuramsal yaklaşımları ve terimsel çerçevesi (zoonim, zoosembol, zoomorfizm, zoosemizm vb.) bilimsel bir düzene oturtulmuş, kullanım alanları değerlendirilmiştir. Bu bölümde araştırmacı, bilimsel kaynakları derinlemesine analiz etmiş, yerli ve yabancı dilbilim ekollerini karşılaştırmalı olarak incelemiştir.

İkinci bölümde Kazak ve İngiliz halk masallarından toplanan özgün dilsel veriler temelinde hayvanlara ilişkin leksika; anlamsal, bileşen, pragmatik ve sembolik yönleriyle analiz edilmiştir. Hayvan imgelerinin ulusal dünya görüşündeki yeri, kültürel çağrışımları ve değer yüklü özellikleri etnokültürel kodlar çerçevesinde açıklanmıştır. Araştırmacı, hayvanlarla ilgili atasözleri, deyimler ve kalıplaşmış ifadeleri inceleyerek bunların ulusal özelliklerini ve dilsel işaretleme biçimlerini örneklerle desteklemiştir.

Üçüncü bölüm – araştırmacının en önemli ve yenilikçi yönü olarak değerlendirilen – çağrışımsal (associative) deneye ayrılmıştır. Kazak ve İngiliz dillerindeki katılımcıların hayvanlara ilişkin leksikaya yönelik bilişsel algıları, ulusal bilinçte yer etmiş kültürel-sembolik imgeler karşılaştırmalı olarak incelenmiş ve bu temelde iki halkın dünya görüşündeki benzerlikler ve farklılıklar ortaya konmuştur. Deney sonuçları, dilsel bilinçteki anlamsal çağrışımların masal metinlerinin içeriğiyle kısmen örtüştüğünü göstermiştir. Bunun yanı sıra araştırmacı, dil yeterliliği, kültürel değerlerin edinim düzeyi ve gençlerin bilişsel-kültürel yönelimleri hakkında sosyolojik açıdan da önemli önerilerde bulunmuştur.

Genel olarak, araştırma içeriği bakımından derin, kuramsal ve yöntemsel temeli sağlam, pratik uygulama alanı geniş bir çalışmadır. Yazar, bilimsel kaynaklarla etkin biçimde çalışabilen, dil verilerini analiz ederken kuramla pratiği birleştirme becerisine sahip yetkin bir araştırmacı olarak öne çıkmaktadır. Tezde dil ile kültür ilişkisi, masal söyleminin pragmatik olanakları, sembolik imgelerin dilsel temsili gibi karmaşık meselelere yenilikçi bir bakış açısıyla yaklaşmıştır.

Araştırma sonuçları, Kazak ve İngiliz halk masallarındaki hayvanlara ilişkin leksikanın lingvokültürel ve bilişsel özelliklerini belirlemeye, kültürlerarası iletişim, çeviri çalışmaları, etnodilbilim ve eğitim alanlarında uygulanmaya olanak sunmaktadır.


Aday, doktora eğitimi süresince ve tez çalışması esnasında bilimsel araştırma faaliyetlerine hâkim olduğunu kanıtlamıştır. Çalışmanın sonuçları 13 makalede yayımlanmıştır. Bunlardan biri, Scopus veri tabanında yer alan ve %85 yüzdeler

dilimde, Q1 kategorisindeki *Eurasian Journal of Applied Linguistics* adlı uluslararası hakemli dergide yayımlanmıştır. Diğer 4 makale, Kazakistan Cumhuriyeti Bilim ve Yükseköğretim Kalite Güvence Komitesi tarafından tanınan dergilerde; 8 makale ise uluslararası bilimsel konferans bildirilerinde, bunlardan biri ise yurt dışında düzenlenen bir sempozyum bildirisinde yayımlanmıştır.

Sonuç olarak, Jetesova Janar Almasovna'nın bu doktora tezi, "8D02304 – Filoloji" eğitim programı kapsamında doktora (PhD) derecesi verilmesi için öngörülen tüm akademik gereklilikleri karşılamaktadır. Tezin yazım kalitesi, kuramsal derinliği ve pratik değeri dikkate alındığında, Jetesova Janar Almasovna'nın "8D02304 – Filoloji" programı kapsamında doktora (PhD) unvanına layık olduğu kanaatindeyim.

Yurtdışı bilimsel danışman
İzmir, Türkiye
Ege Üniversitesi
Profesör, Doktor

22.04.2025


Metin Ekici


Жетесова Жанар Алмасовнаның «8D02304 – Филология» білім бағдарламсы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған «Анималистік лексиканың лингвомәдени және когнитивті-салғастырмалы сипаты (қазақ және ағылшын ертегілері бойынша)» диссертациялық жұмысына

ШҚІР

Бүгінгі таңда тіл біліміндегі зерттеулер жаңа антропоэлектік бағытқа бет бұрып, тілді тек құрылымдық жүйе ретінде емес, адамның мәдени, танымдық, әлеуметтік әрекетімен сабақтас феномен ретінде қарастырумен ерекшеленеді. Бұл үрдіс тіл мен мәдениет, тіл мен таным, тіл мен дискурс арақатынасын зерделейтін когнитивті лингвистика, лингвомәдениеттану, этнолингвистика, дискурс теориясы сынды жаңа бағыттардың қалыптасуына жол ашты. Аталған парадигма аясында ұлттық дүниетаным мен тілдік сананың ерекшеліктерін анықтауда халықтың фольклорлық мұрасы ерекше маңызға ие. Соның ішінде ертегі – адам мен қоғам, табиғат пен руханият арасындағы байланысты көркем бейнелер арқылы жеткізетін терең мазмұнды дискурстық кеңістік ретінде қарастырылады. Ертегілер – халықтың мәдени кодтарын, этикалық өлшемдерін, символдық жүйесін, танымдық модельдерін сақтайтын бірегей тілдік мәтіндер. Бұл мәтіндердегі жануарлар бейнесі арқылы берілетін анималистік лексика – ұлттық дүниетаным мен рухани-мәдени болмыстың ажырамас бір бөлігі. Анималистік лексика халықтың табиғатпен қатынасынан туындаған, тарихи, әлеуметтік және мәдени тәжірибесімен тығыз байланысты, тілдің ең көне қабаттарының бірі. Қазақ және ағылшын тілдеріндегі ертегі мәтіндерінде жануарлар бейнесі тек кейіпкерлік сипатта ғана емес, сонымен қатар ұлттық діл мен құндылықтардың көрінісі ретінде қызмет етеді. Осы бейнелердің тілдік репрезентациясы арқылы халықтың табиғатты қабылдау ерекшелігі, моральдық-этикалық өлшемдері, әлеуметтік мінез-құлық нормалары, рухани құндылықтары айқындалады.

Қазіргі таңда анималистік лексиканы когнитивтік және лингвомәдени тұрғыда зерттеу өзекті болып отыр. Себебі жануарларға телінген символдық мағына, бағалауыштық реңк, мәдени стереотиптер – тіл иесінің ментальды кеңістігін, ұлттық концептосферасын тануға мүмкіндік береді. Бұл бағытта қазақ және ағылшын халық ертегілеріндегі анималистік лексиканы салғастыра қарастыру екі халықтың рухани болмысы мен тілдік санасындағы ортақ және айырым тұстарды анықтауға септігін тигізеді.

Ұсынылып отырған «Қазақ және ағылшын ертегілеріндегі анималистік лексиканың лингвомәдени және когнитивтік-салғастырмалы сипаты» атты диссертациялық жұмыс қазіргі антропоэлектік парадигма аясында орындалған, ғылыми өзектілігі жоғары, жаңашыл мазмұндағы кешенді зерттеу болып табылады. Зерттеуші қазақ және ағылшын халық ертегілерінде кездесетін анималистік лексиканы тіл иесінің ұлттық-мәдени танымымен сабақтастыра қарастырып, бұл лексиканың мәдени-символдық,



концептуалдық, когнитивтік мазмұнын лингвомәдениеттану, когнитивті лингвистика және салыстырмалы тіл білімі тұрғысынан талдаған.

Зерттеу құрылымы логикалық тұрғыда жүйелі құрылған: кіріспеде жұмыстың өзектілігі мен мақсат-міндеттері, зерттеу нысаны мен пәні, теориялық негіздері нақты көрсетілген. Бірінші бөлімде анималистік лексиканың зерттелу тарихы, теориялық ұстанымдары мен терминологиялық аппараты (зооним, зоосимвол, зооморфизм, зоосемизм т.б.) ғылыми жүйеге түсіріліп, олардың қолданыс деңгейлері сараланған. Бұл бөлімде зерттеуші ғылыми әдебиеттерді терең талдаған, шетелдік және отандық лингвистикалық мектептердің бағыттарын салыстырмалы түрде қарастырған.

Екінші бөлімде қазақ және ағылшын халық ертегілерінен жиналған нақты тілдік деректер негізінде анималистік лексикаға семантикалық, компоненттік, прагматикалық және символдық талдау жасалған. Жануарлар бейнесінің ұлттық дүниетанымдағы орны, мәдени коннотациялары, бағалауыштық сипаты этномәдени кодтар негізінде сипатталған. Ізденуші жануарларға қатысты мақал-мәтелдер, фразеологизмдер, тұрақты тіркестерді талдап, олардың ұлттық ерекшелігін, тілдік таңбалану тәсілдерін дәйекті мысалдармен дәлелдеген.

Үшінші бөлім – зерттеудің маңызды әрі жаңашыл тұсы болып саналатын ассоциативті экспериментке арналған. Қазақ және ағылшын тіліндегі респонденттердің анималистік лексикаға қатысты танымдық қабылдауы, ұлттық санада орныққан мәдени-символдық бейнелер салғастырмалы түрде талданып, олардың негізінде екі халықтың дүниетаным жүйесіндегі ұқсастықтар мен айырмашылықтар анықталған. Эксперимент нәтижесінде тілдік санадағы семантикалық ассоциациялар ертегі мәтіндері мазмұнымен ішінара сәйкес келетіндігі дәлелденген. Сонымен қатар зерттеуші тілдік сауаттылық, мәдени құндылықтарды игеру деңгейі, жастардың танымдық-мәдени бағдарлары туралы әлеуметтік тұрғыдан да маңызды ұсыныстар білдірген.

Жалпы алғанда, зерттеу жұмысы мазмұндық жағынан терең, теориялық-әдістемелік базасы мықты, практикалық қолдану аясы кең. Автор ғылыми әдебиеттермен жақсы жұмыс істей алатын, тілдік деректерді талдауда теорияны тәжірибемен ұштастыра білетін жоғары деңгейдегі ізденуші ретінде көрінеді. Диссертациялық жұмыста тіл мен мәдениет байланысы, ертегі дискурсының прагматикалық мүмкіндіктері, символдық бейнелердің тілдік репрезентациясы секілді күрделі мәселелерге жаңаша көзқараспен қаралған.

Зерттеу нәтижелері қазақ және ағылшын халық ертегілеріндегі анималистік лексиканың лингвомәдени, когнитивтік ерекшеліктерін айқындауға, мәдениетаралық коммуникация мен аударма, этнолингвистика және білім беру салаларында қолдануға зор мүмкіндік береді.

Ізденуші докторантурада оқу барысында және диссертациялық жұмысты дайындау кезінде ғылыми-зерттеу жұмысын жеткілікті игергенін көрсетті. Жұмыстың нәтижелері 13 мақалада жарияланды. Оның біреуі Scopus мәліметтер қорына кіретін Eurasian Journal of Applied Linguistics, Процентиль 85%, Q 1 болатын ғылыми журналда жарық көрді. Қалған 4 мақала Қазақстан




Республикасы Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда және 8 мақала халықаралық ғылыми конференция жинақтарында, оның ішінде біреуі шетелде өткен симпозиум материалдарының жинақтарында жарияланды.

Қорыта айтқанда, Жетесова Жанар Алмасовнаның диссертациялық жұмысы «8D02304 – Филология» білім бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға қойылатын барлық талаптарға жауап береді. Ғылыми жұмыстың жазылу деңгейі мен теориялық және практикалық құндылығын ескере отырып, ізденуші Жетесова Жанар Алмасовнаға «8D02304 – Филология» білім бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруге лайық деп есептеймін.

Шетелдік ғылыми кеңесші
Түркия, Измир,
Эгей университетінің
профессоры, доктор

22.04.2025 ж.




Метин Экиджи